

27 Наурыз
Сәрсенбі,
2024 жыл

uil-gazet@mail.ru

Газет 1930
жылдың
қараша айынан
бастап шығады

Ойыл

“НҰР СЕБЕЛЕ, ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ”

21 НАУРЫЗ ЫНТЫМАҚ КҮНІНДЕ АУДАН ЖҰРТЫ НАУРЫЗ МЕЙРАМЫН ТОЙЛАУҒА ОРТАЛЫҚ САЯБАҚТА КӨПТЕП ЖИНАЛДЫ. “НҰР СЕБЕЛЕ, ҰЛЫСТЫҢ ҰЛЫ КҮНІ!” АТТЫ МӘДЕНИ-КӨПШІЛІК ШАРАСЫНДА ӨН ӨУЕЛЕП, КҮЙ КҮМБІРЛЕП, ҚАЗАҚТЫҢ САЛТ-ДӘСТҮРІНЕН КӨРІНІСТЕР КӨРСЕТІЛДІ.



Алдымен қазақтың ұлттық болмысын, салт-дәстүрін, ұлттық дастарханын, ұлттық киімін, ұлттық мұрасын, ұлттық аспаптары мен ұлттық ойындарын насихаттайтын сән-салтанаты жарасқан көш-керуенмен басталды. Жалпыға қуаныш сыйлаған мереке күні ұлттық киімімізді киіп көшеге шыққан үлкен-кіші бір отбасының адамдарындай емен-жарқын араласып, көптен көрмегендер бір-бірімен көрісіп жатты. Молшылық пен тоқшылық тойына жиналған жұртшылықты аудан әкімі Асқар Қазыбаев құттықтап: “Наурыз мейрамы іргесі сөгілмеген, бірлік пен берекенің,

ырыс пен ынтымақтың, татулық пен сыйластықтың, ізгіліктің және бақыттың берекесі. Наурыз мерекесінде барлық отбасына аманшылық, береке-бірлік, ырыс болсын!”, деп Ұлыстың Ұлы күнімен құттықтап, наурыз мейрамына ақсақалдар барша аудан тұрғындарына, кәсіпкерлерге алғысын білдірсе, Тілеген Алданаев, Айдынғали Тұраналиев ақсақалдар ақ баталарын берді. Наурыз мейрамын тойлауға бағытталған «Наурызнама» Асқар Қазыбаев құттықтап: “Наурыз мейрамы іргесі сөгілмеген, бірлік пен берекенің,

рамдары ұйымдастырылған болатын. Сол шараларға белсене атсалысқан мекеме қызметкерлері мен көше тұрғындары 22 наурыз – Ұлыстың Ұлы күніне орай аудан әкімінің Алғыс хатымен марапатталды. Жиналған жұртшылық киіз үйлерге кіріп, аудандағы мекеме ұжымдары дайындаған наурыз көже мен палаудан дәм татты. Спортсүйер қауымда бұл күні тамаша тартыстардың куәсі болды. Төпсе темір үзетін жігіттер қазақ күресі, арқан тартыс, қол күрес, ләңгі тебу, гир спорты сынды сайыстардан бақ сынасты. Жарыс нәтижесінде

қазақ күресінен Н.Жұмабергелі III орын, А. Айбекұлы II орын, Д.Асқатұлы I орын. Қол күрестен Ә.Берниязов III орын, Ә. Мұқатаев II орын, Р.Бекмұханов I орын. Ләңгі тебуден Н.Ешімов III орын, Ә.Хамитов II орын, Қ.Абдрахманов I орын. Арқан тартыстан 1992 жылғы туылған азаматтар III орын, орталық аурухана II орын, 1987 жылғы туылған азаматтар I орын. Гир спортынан Ж.Жақсығалиев III орын, З.Сабыров II орын, Р.Сапарғали I орынға ие болды. Жеңімпаздар мен жүлдегерлер аудан әкімінің мадақтама қағазы және бағалы сыйлықтармен марапатталды.

ТҰРҒЫНДАР АЛАЯҚТАРДЫҢ АРБАУЫНА ТҮСПЕУІ ҮШІН... ЖӘНЕ ЖЕКЕ ТҰЛҒАНЫҢ БАНКРОТТЫҒЫ ТУРАЛЫ

ӨТКЕН АПТАДА АУДАН ӘКІМІ АСҚАР ҚАЗЫБАЕВ ПЕН АУДАНДЫҚ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ОРГАНДАРЫНЫҢ БАСШЫЛАРЫ САРАЛЖЫН АУЫЛДЫҚ ОКРУГІНІҢ ТҰРҒЫНДАРЫМЕН КЕЗДЕСТІ.



Кездесуде аудан прокуроры Ақеділ Үсенов пен аудандық полиция бөлімінің бастығы Ардақ Қангелдиндер интернет алаяқтықтың алдын-алу мақсатында тұрғындарға олардың іс-әрекеттері жайлы жеткізе, аудандық соттың төрағасы Сәуле Танимова жеке тұлғаның банкроттығы туралы заңның талаптарын түсіндірді. Алдымен осыдан бір жыл бұрын қолданысқа енгізілген Қазақстан Республикасы азаматының тәлем қабілеттілігін қалпына келтіру және банкроттық туралы Заңның мақсаты мен талаптарына тоқталған аудандық соттың төрағасы Сәуле Танимова жеке тұлғалардың банкроттығы туралы заңнамада қарастырылған банкроттықтың үш рәсімі туралы түсіндіріп, барлық рәсімдерге тек қарыз алушының өзі бастамашы бола алатынын жеткізді.

Сонымен қатар, жеке тұлға банкрот деп танылғаннан кейін пайда болатын салдарын да жан-жақты түсіндірді. Ал, аудан прокуроры Ақеділ Үсенов әлеуметтік желі мен электронды сауда арқылы жасалатын алаяқтық туралы түсіндіріп, сондай жағдайға тап болған кезде атқаратын әрекеті туралы айтса, аудандық полиция бөлімінің бастығы Ардақ Қангелдин осындай қылмыстарға жол бермеу, алдын-алу туралы жолдарын арнайы бейнебаяндар арқылы түсіндірді. Тұрғындар атынан сөз алған ауыл ақсақалы Жақсылық Бисалиев пен еңбек ардагері Кенжебай Қазмағамбетовтер өтініш-тілектерін жеткізе, кездесуді қорытындылаған аудан әкімі Асқар Қайырғалиұлы мемлекет басшысының Ұлттық Құрылтайда көтерген мәселелеріне тоқталды.

Музейдегі «Наурызнама»

«КӨРІСУ» КҮНІНЕ ОРАЙ «МӘДЕНИЕТ ЖӘНЕ ҰЛТТЫҚ САЛТ-ДӘСТҮР» ТАҚЫРЫБЫ АЯСЫНДА МӘДЕНИЕТ ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРІМЕН БІРЛЕСЕ, АУДАНДЫҚ МӘДЕНИЕТ ҮЙІНІН АЛДЫНДА НАУРЫЗ КӨЖЕ АСЫП, ҰЛТТЫҚ ТАҒАМДАРДЫ ЖӘНЕ «ШЫҒАНАҚ» АУЫЛЫ КӨРІНІСІН АУДАН ХАЛҚЫНА ТАРТУ ЕТСЕК, «ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ» КҮНІНЕ ОРАЙ «ҚАСИЕТТІ АЙДАҒЫ ҚАЙЫРЫМДЫЛЫҚ» АТТЫ ШАРАСЫН КӨП БАЛАЛЫ ЖӘНЕ ОРАЗА УСТАҒАН ҚЫЗМЕТКЕРЛЕРГЕ АУЫЗШАР ҰЙЫМДАСТЫРДЫҚ.

16 наурыз “Мәдениет және ұлттық салт-дәстүр” күніне орай “Бесікке салу” рәсімі туралы шарасын, этнография залында ұйымдастырып, шараға қазақ аналарының “Дәстүрге жол” жобасының төрайымы Зоя анамыз баланы бесікке салу кезіндегі барлық рәсімдері көрсетіп, бесік жырын орындап үлес қосты. 17 наурыз – “Шаңырақ” күніне орай “Наурыз бата” түрлері тақырыбында ақпараттық – насихат жұмысы жүргізілді. 18 наурыз – “Ұлттық киім” күніне орай, музей қорына жәдігер жинақтау жұмысына байланысты Ойыл ауданы, Ойыл ауылының А.Қойшығұлов көшесінің №29 үй тұрғыны Қуанышбек Менсағиев отбасында ұйымдастырылды. Атасы Менсағи Саджановтың 1950-60 жылдары киген тон кеудешесі және анасы Жания Құлжанованың 1960-70 жылдары киген палтосы мен фанары музей қорына алынды. 19 наурыз – “Жаңару” күніне орай музей қызметкерлері ауланы тазалау жұмыстарымен қатар абаттандыру жұмыстары аясында музей бөлмелеріндегі гүлдерді қайта жаңғырту жұмыстарын ұйымдастырды. 20 наурыз – “Ұлттық спорт” күніне орай “Асық ату” және “Садақ ату” ойындарын өлкетанушылар клубының мүшелері арасында және музей, архив қызметкерлерімен Ж.Жүсібаев атындағы Ойыл қазақ орта мектебінің оқушылары арасында кең көлемде насихаттап отырып, ұлттық ойындардың ережелерін дене тәрбиесінің ұстаздары Нұрлыжан Мұқашов мен Қуаныш Аронов түсіндіріп, асық ату, садақ ату ойындары қызықты әрі, тәрбиелі мағынада өткізілді. 21 наурыз – “Ынтымақ” күніне орай “Наурыз – татулық пен ақ пейілдің мейрамы” атты экскурсиясы ұйымдастырылды. 22-наурыз - “Наурызнама” күніне орай “Ұлы даланың - Ұлы үні” атты тақырыптық көрмесін музей фойесінде ұйымдастырды. Керме аудан тұрғындарымен музей қонақтарына таныстырылды. 23 наурыз - “Тазару” күніне орай, музей ауласына тазарту жұмыстарын ұйымдастырды. “Наурызнама” тұжырымдамасы аясында жасалған әр күнгі шара әлеуметтік желіде жарияланып, аудан халқына ерекше әсерде, жас ұрпақ санасына ой салатындай өткізілді.

САЙЛАУ-2024

АУЫЛДЫҢ АЖАРЫ БӘРІМІЗГЕ ОРТАҚ!

№ 8 БІРМАНДАТТЫ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ҮМІТКЕР РАУШАН МУСАБЕКҚЫЗЫ АУЫЛДАҒЫ ҚЫЗМЕТІН АБЫРОЙМЕН АТҚАРЫП КЕЛЕ ЖАТҚАН ЖАҢДАРДЫҢ БІРІ.



Қазіргі таңда аудандық мәслихат депутаттығына үміткер Раушан Керейдің сайлауалды бағдарламасы негізінен елді мекенді абаттандыру, санитарлық тазалық жұмыстарын жүргізіп, жасыл екпелер егілуіне ықпал етіп, адамдардың денсаулығы біздің басты байлығымыз екенін ескере отырып, халық арасында салауатты өмір салтын калыптастыруды көздейді. Сонымен қатар, ауыл әйелдерінің қоғамдық өмірге белсенді араласуына ықпал етіп, «Ауыл аманаты» жобасын іске асыру есебінен жаңа жұмыс орындарының ашылуына қолдау көрсете отырып, ауыл тұрғындарының табысының көтерілуіне қолдау көрсетуді бағыт етуге бағытталып отыр. «Депутат – халық сенімін иемденген тұлға, аманат жүгін арқалаған азамат. Сол себепті аудандық мәслихат депутаты болып сайланған жағдайда, тұрғындардың өздерінің толғандырып жүрген ірілі-ұсақты барлық мәселелерін шешу жолында қажетті шаралардың орындалуына атсалысуды мақсат тұтып отырмын» – дейді.

Керей Раушан 1981 жылы 27 сәуірде Қызылорда облысы, Жалағаш ауданында дүниеге келген. 1987-1998 жылдары №31-ші орыс мектебінде

Жариялау ақысы кандидаттың үгіт науқаны кезіндегі жұмыстарын жүргізуге Республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен төленді

САЙЛАУ-2024

САЙРАН СЕНІМДІ АҚТАЙДЫ!

№8 БІРМАНДАТТЫ САЙЛАУ ОКРУГІ БОЙЫНША ОЙЫЛ АУДАНДЫҚ МӘСЛИХАТЫ ДЕПУТАТТЫҒЫНА ОРДА БҰЗАР ОТЫЗДАҒЫ САЙРАН САМАТҰЛЫНЫҢ КАНДИДАТУРАСЫ «АМАНАТ» ПАРТИЯСЫНЫҢ АТЫНАН ҰСЫНЫЛЫП ОТЫР.



Сарбиеде туған Сайранға ауылдың тынысы мен тұрмысы бес саусағындай таныс. «Ат болатын құлынды желі басынан танысың...» дегендей, жасынан ауылдың жақсылығы мен мекенатын бала болса да, көріп өскен жігіттің көргенінен түйгені көп. «АМАНАТ» партиясының да ортамыздан «ойып алып», Сайранға сенім артуы сондықтан болса керек! Даңқа тұлпар дүлдүлдігімен жетеді, Абырой мен атаққа азамат біліктілігімен жетеді», – демекші, осындай ел алғысы мен сеніміне бөленген азаматты қолдау бұл жолы ауылдың электоратына сын болғалы тұр.

2000 жылы Сапақкөл орта мектебінің табалдырығын атап, 2009 жылы тәмамдаған ол, сол жылы Ойыл аграрлық колледжге түсіп, 2012 жылы бітіріп шықты. Бірақ, болашаққа ұмтылған жігіт 2018 жылы С.Бәйішев атындағы университетке оқуға саласына қосқан үлесі үшін бірқатар марапаттарға ие болды. Өзінің еңбекқорлығы мен біліктілігінің арқасында үлкен сенімге бөленіп жүр. Сонымен, ауылдастарымыз 31 наурыз күні өтетін сайлауға белсенді қатысып, Раушан Мусабеқызын қолдап, дауыс беруге шақырамын.

Майса БЮРИНА, кандидаттың сенімді өкілі.

Жариялау ақысы кандидаттың үгіт науқаны кезіндегі жұмыстарын жүргізуге Республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен төленді

САЙЛАУ-2024

АСЫЛБАЙДЫҢ АСУЫ

САРБИЕ, ҚАРАОЙ ӨңІРІ ҮШІН СҰЛТАНОВТАР ӨУЛЕТІН ТАНЫСТЫРЫП ЖАТУДЫҢ ӨЗИ АРТЫҚ.



Іргелі әулеттің бүгінгі буыны, Тәуелсіздіктің төл құрдасы Асылбай оң-солын таныған азамат, жасынан қатарының алды болып, жақсы атымен көрініп келе жатқанына жақын-туыстары да, дос-жарандары да қуанады. Сол Асылбайды аудандағы саяси доғаға, аудандық мәслихаттың депутаттығына Қазақстанның «Байтақ» жасылдар партиясы кандидатурасын ұсынып отыр. Тіршілігінің тірегі тікелей мал шаруашылығымен байланысты ауданның тынысы Асылбайға жасынан таныс. Оның өмірлік қағидасы, ұстанымы десек жөн болар, ол – өзі жете білмейтін, жүрегіне жақпайтын, санасында піспеген шаруамен айналыспайды. Сұрамасаң айтпайтын, тілінен тартпасаң сөйлемейтін, қарсы кездесіп қалсаң иіліп қана, жыммып сәлем беретін «қызы мінезді» жігіт қандай шаруаны да өріден ойлайтын байыпты, істі білетін, білгендіктен табандылық танытып, айтқанын орындай алатын азамат. Мектепті бітірген соң, барлық замандастары сияқты қиялға қанат сермегенімен алғашқы бұйырғаны Ақтөбе техникалық колледжі болды. Ол колледжі 2007 жылы ойдағыдай бітіріп шыққанымен, кейіннен Ақтөбе қаласындағы Қазақ гуманитарлық-заң университетінің колледжіне түсіп, заңгер мамандығы бойынша бітірді.

Жариялау ақысы кандидаттың үгіт науқаны кезіндегі жұмыстарын жүргізуге Республикалық бюджеттен бөлінген қаражат есебінен төленді

2012-2013 жылдары Жамбыл облысы, Отар қаласындағы 30312 әскери бөлімде Отан алдындағы борышын абыроймен өтеген ол 2013-2016 жылдары аралығында Ақтөбе қаласындағы мамандандырылған күзет қызметі басқармасында жұмыс жасады. Алайда, туған жердің топырағы тартпай қоймады. 2017 жылдан бастап «Жиенбет-Назерке» ауыл шаруашылық өндірістік кооперативін ашып, қазіргі таңда ауылшаруашылығын дамытуда. Өзінің қаражаты есебінен ауыл іргесіндегі зиратты қоршау жұмыстарын жүргізіп, түрлі іс-шараларға демеушілік танытты. Ол қай жұмыста да ұйымдастырушылық қабілетімен көзге түсті. Қазіргі тілмен айтқанда, «майталман менеджер» Артық-ауыс сөзі жоқ, ақырын жүріп, анық басатын азаматтың бүгінге дейінгі өткен өмір жолы осындай. Халық сыншы, тарих таразы екені рас. Сауатты, тәртіпті, тау қозғалса, тапжылмайтын ұстамды, «туған жерге туын тіккен» жаңашыл, ізденімпаз, тапсырылған істі беріле, мейлінше адал атқаратын азаматты қолдау бізге сын! «Болам деген жігіттің жолын кеспе, белін бу!» демекші, Асылбайдың бағдарламасында көрсеткен, көкейдегі ойларын жүзеге асыруға сеп болайық, ағайын!

Ләззат АЛДИЯРОВА, кандидаттың сенімді өкілі.

ҰСАҚ БҰЗАҚЫЛЫҚ ДЕГЕН НЕ ЖӘНЕ ҚАНДАЙ ЖАУАПТЫЛЫҚТЫ КӨЗДЕЙДІ?



Қоғамдық тәртіпке қол сұғатын әкімшілік құқық бұзушылықтарының ең тараған түрлерінің бірі – ұсақ бұзақылық. Қазақстан Республикасының Әкімшілік құқық бұзушылық туралы кодексінің (әрі қарай ӘҚБТК) 434-бабының диспозициясы: Ұсақ бұзақылық, яғни қоғамдық орындарда былапыт сөйлеу, жеке тұлғаларға зәбірлеп тиісу, ғимараттарды, өзге де құрылысжайларды, тұрғын

үй-жайларды, көліктегі және өзге де қоғамдық орындардағы ортақ пайдаланылатын орындарды, мүлікті қорлау және айналасындағыларға сыйлаушылықты білдіретін, қоғамдық тәртіпті және жеке тұлғалардың тыныштығын бұзатын басқа да осындай әрекеттер. Бұл нормаға сай, заңға қарсы әрекет ретінде ұсақ бұзақылық өзге адамдарға құрметтеме-

уді көрсету мүмкін болатын көпшілік жиналған қоғамдық жерде жасалады. Ұсақ бұзақылыққа баға беру кезінде жасалған әрекеттер, қоғамдық тәртіп бұзылуына бағытталған жүріс-тұрыс негіздері мақсаты мен мән-жайларын дұрыс бағалау керек. ӘҚБТК-нің 25-бабының 1-бөлігіне сәйкес, жеке немесе заңды тұлғаның осы Кодексте сол үшін әкімшілік

жауаптылық көзделген, жеке тұлғаның құқыққа қарсы, кінәлі (қасақана немесе абайсызда жасаған) әрекеті не әрекетсіздігі немесе заңды тұлғаның құқыққа қарсы әрекеті не әрекетсіздігі әкімшілік құқық бұзушылық деп танылады. Әкімшілік қамауға алуға әкелетін әкімшілік құқық бұзушылық ісі әкімшілік құқық бұзушылық хаттамасы мен өзге іс материалдары сотпен алынған күні қаралады. ӘҚБТК-нің 829-14-бабының 1-бөлігіне сай, әкімшілік құқық бұзушылық туралы істі, шағымды, наразылықты қарап, сот мынадай қаулылардың бірін шығарады: 1) әкімшілік жаза қолдану; 2) іс бойынша іс жүргізуді тоқтату; 3) қаулыны, нұсқаманы - өзгеріссіз, ал шағымды, наразылықты қанағаттандырудысыз қалдыру; 4) қаулыны өзгерту; 5) қаулының, нұсқаманың күшін жою және істі тоқтату; 6) қаулының, нұсқаманың күшін жою және іс бойынша жаңа қаулы шығару туралы. Статистикалық мәліметке сәйкес Ойыл аудандық сотына 2023 жылы барлығы 225 әкімшілік құқық бұзушылық

істер түскен, оның ішінде ӘҚБТК-нің 434-бабымен 14 іс. 2022 жылы 198 әкімшілік құқық бұзушылық істер түскен, оның ішінде ӘҚБТК-нің 434-бабымен 7 іс. Ұсақ бұзақылық объектісі - азаматтардың өзге адамдармен қатынасы ережелері құқығымен реттелетін қоғамдық тәртіп (негізгі объект), адамдар тыныштығы, олардың намысы мен беделі, қоғамдық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздік. «Қоғамдық тәртіп» термінің заңнамалық анықтамасы жоқ. Қоғамдық орындар дегеніміз - көшелер, алаңдар, жалпы пайдаланудағы көлік, әуежайлар, вокзалдар, парктер, тұрғын үй мөлтек аудандары, қиыр жерлер, өзге, белгісіз адам саны жүруіне бос адамдар жүретін жерлер. Кинотеатр залы, ұшақ салоны және өзге жерлер қоғамдық орындар бола алады. Субъективті жағынан, ұсақ бұзақылықтың тікелей ниеті болады. Қоғамда қолданытын жүріс-тұрыс ережелерін құрметтемеу, өз қажеттіліктерін қанағаттандыру секілді негіздеуі маңызды бағалай-

тын белгісі боп табылады. Әкімшілік жауаптылығы түрлі жазалармен белгіленеді. Бұл шараның әрқайсысының мақсаты болып, заңмен белгіленген тәртібімен іске асырылады. Жазалау шаралары барлық кезде құқық бұзушылықпен байланысты болады. Құқық бұзғанға белгілі шарасы қолданылады, атап айтқанда ӘҚБТК-нің 434-бабының 1-бөлігімен жасалған ұсақ бұзақылық құқық бұзушылық әрекеттер үшін жиырма айлық есептік көрсеткіш мөлшерінде айыппұл салуға немесе он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді. Осы құқық бұзушылықтарды әкімшілік жаза қолданылғаннан кейін бір жыл ішінде қайталап жасалған әрекеттер үшін он бес тәулікке дейінгі мерзімге әкімшілік қамаққа алуға алып келеді. Әкімшілік құқық бұзушылықтар заңға қарсы әрекеттерінің ең көп тарағаны боп саналады, осы себепті олармен күресудің маңызы өте зор. **Саула ТАНИМОВА,** Ойыл аудандық сотының төрағасы.

